



2024 - 2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

МАМЫР АЙЫНЫҢ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: «Лалагүл» ортаңғы

Балалардың жасы: 3 жастан

Тәрбиешісі: Коджикова Айман

Жоспардың құрылу кезеңі: **05.05 - 09.05.2025ж.**

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Еркем-ай” https://bilimkids.kz/media/video/erkem-ai (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Еркем-ай” https://bilimkids.kz/media/video/erkem-ai (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, музыка)	7 мамыр Отан Қорғаушы күні	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. (музыка)	9 мамыр Жеңіс күні
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу.	"Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.		"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.	
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. (еңбек дағдылары) «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бұрку. (еңбек дағдылары) "Сөйлемді аяқта" сөздік ойыны. Дидактикалық міндеті: балаларды құбылыстар арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйрету; сөзді дұрыс таңдауға жаттықтыру. Ойын әрекеттері: көрсеткішті бұру. Ойынның барысы:		«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық таныту. (еңбек дағдылары) Құрастырудан ойын-жаттығу "Шерудегі көліктер". Мақсат-міндеттер. Балаларды құрылыс материалдарынан әскери көліктер түрлерін жасауға үйрету; кірпішті немесе білеуді	

	<p>(музыка)</p> <p>"Дауылпаз дабылдап ..." жаттығуы. - Балалар, сазгерлер ғана емес, жауынгерлер де дауылпазды көп қолданады. Мысалы, жауынгерлер адымдап марш басып жүреді. - Балалар, дабылды дауылпаз деп те атай береді.</p> <p>- Дауылпаз дабылдап, - Ба - ба - бам - бам, - дейді. (айтқызу)</p> <p>- Дауылпаз дабылдап, - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)</p> <p>Дабыл-дап, дабыл-дап, - Бу - бу - бум - бум, - дейді. (айтқызу)</p> <p>Жаттығуы бірнеше рет қайталанады. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</p>	<p>педагог сөйлемді бастайды. Мысалы, "Менің жылы тонды киген себебім,..." - балаларға оны аяқтауды ұсынады. Балалар: "... жылы болу үшін ... тоңбау үшін" және т.б. жауап береді. Кімге көрсеткіш бұрылса, сол жауап береді. Педагог алдын-ала сөйлемдерді эзирлеп қоюы керек. Мысалы: "Біздің шамды жаққан себебім,...", "Қолшатыр алған, себебіміз..." және т.б.. Келесі жолы аяқталмаған сөйлемдерді балалардың өздеріне құрастыруды ұсынуға болады. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)</p>		<p>жатқызып, үстіңгі бір жағына текшені, призманы қырына белгілі жерлерге салып, бірін біріне тиістіру амалдарын игерту; құрылыс үлгісіне сай орындау қабілетін арттыру.</p>	
<p>Ертеңгілік жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығуы. "Зырылдауық" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен. - қолды екі жаққа созу. - екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айту. - қолды екі жаққа созу. - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен" деу. - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.</p> <p>"Тізені шапалақтау" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығуы. "Зырылдауық" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен. - қолды екі жаққа созу. - екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айту. - қолды екі жаққа созу. - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен" деу. - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.</p> <p>"Тізені шапалақтау" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта. 1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.</p>		<p>Жалпы дамытушы жаттығуы. "Зырылдауық" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен. - қолды екі жаққа созу. - екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р" деп айту. - қолды екі жаққа созу. - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен" деу. - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.</p> <p>"Тізені шапалақтау" жаттығуы. - Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.</p>	

	<p>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу. 3-4- бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>"Сипаттаймыз" жаттығуы. - Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою. - оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау. - 4-5 рет еркін тыныс алу.</p> <p>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы. - Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта). - 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау. - 3-4- бастапқы қалыпқа келу. (дене тәрбиесі)</p>	<p>3-4- бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>"Сипаттаймыз" жаттығуы. - Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою. - оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау. - 4-5 рет еркін тыныс алу.</p> <p>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы. - Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта). - 1-2- оң жақпен артқа қарай бұрылып, өкшеге қарау. - 3-4- бастапқы қалыпқа келу. (дене тәрбиесі)</p>		
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>		<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей. Көркем сөз Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды түзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң,</p>

				"Рақмет!" айт аспазға. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	<p>«Адал достар» Ойынның мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Педагог балалардан бөлменің екі бөлікке бөлінгенін (бір бөлігі-«құрлық», бір бөлігі-«теңіз») айтады және ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, музыканың басталуымен хороводпен жүре бастайды. Музыканы тоқтатқан кезде балалар да тоқтайды. «Құрлықта» қалған қатысушылар «теңізде» қалғандарды мүмкіндігінше тезірек құтқаруы керек. Ол үшін «құтқарушылар» секіргішке үрлемелі дөңгелекті өткізіп, оны батып бара жатқан қатысушыларға лақтырып, оларды «құрлыққа» шығарып алуы тиіс. Ойын осылай жалғасады.</p>	<p>«Түрлі - түсті гүлдер» Ойынның мақсат-міндеттер: дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтар: күлтелері алынатын жасанды гүл, қызыл және сары текшелер. Тәрбиеші ойынның әртүрлі нұсқаларын қолданады. Ойынның бірінші нұсқасы: Балалардың әрқайсысы гүлдің күлтесін жұлып алып, іштерінен тілек тілейді. Егер баланың тілегі өзінің жеке басына байланысты болса, балаға сары текше беріледі, егер тілегі әлеуметтік маңызға ие болса – онда қызыл текше беріледі. Ойынның соңында барлық текшелерді жинап алып, топтағы адамгершілік тәрбиесінің даму деңгейін анықтауға болады (бірақ оны балалармен талқылауға болмайды) және балаларға қандай тілектің ұнағанын, оның не себепті ұнағанын талқылауға болады. Ойынның екінші нұсқасы: Гүлдің бір күлтесін екі баланың алуына болады, олар ойланып және бірге келісе отырып, екеуіне ортақ тілек тілейді. Ойынды жүргізе отырып, педагог балалардың жолдастарына, қарт адамдарға, әлсіздерге қамқорлық жасағысы келетін тілектерін қолдайды. Педагог егер балалар шынымен қаласа, олардың барлық тілектері орындалатынын айтады. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)</p>	<p>Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. "Күлімдейміз күндей." Күлімдейміз күндей (қолдарын жоғары көтеріп, күннің бейнесін жасайды), Жабырқауды білмей (қолдарын жандарына жібереді). Күннен шуақ аламыз (қолдарын жоғары көтереді), Біз бақытты баламыз (қолдарын жандарына жібереді). (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, дене тәрбиесі)</p>	
Кестеге сәйкес ҮІӘ	Дене тәрбиесі "Ұлттар достығы".	Дене тәрбиесі "Соғамын барабанымды".		Дене тәрбиесі "Барабан дабылы".

	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу "Ғажайып табиғат әлемі".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен қызығушылықтарын дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамыту; оқу қызметін пысықтау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Барабан дабылы. Дауыссыз [п],[б] дыбыстары".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды [п] және [б] дыбыстарын жеке, буын және сөз құрамында айту тәртібімен таныстыру, барабан музыкалық аспабының қасиеті туралы мағлұматтарды беру.</p>		<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жүріп келе жатып белгі бойынша тоқтау және отыруға үйрету; тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіруге жаттықтыру.</p> <p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Әскери көлік"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету.</p>	
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Өзенді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</p> <p>Жұмбақ.</p> <p>Еркелеп жатамын, қаңтарда қатамын. (Көл)</p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Қалған көлге бақа басшы.</p> <p>Болжам.</p> <p>Егер жазда көлде су көтерілсе, онда бұл құрғақ ауа райына әкеледі. Егер көлдегі балық секіріп маса ауласа, жаңбыр жауады.</p> <p>Бақылау. Су айдынының өмірін бақылауға үйрету (бақалар қатты бақылдайды, суда кішкентай балықтар көрінеді, судың бетінде суөлшеуіш қозғалады, өсімдік</p>	<p>Бақтағы еңбек. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</p> <p>Мақсаты-міндеттер: қырыққабат көшеттерін, картопты, пиязды қалай дұрыс отырғызу керектігін, сәбіз және қызылша тұқымын себуді көрсету.</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (бақшадағы жұмыс). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ұжымдық жұмыс істеу қабілетін бекіту, педагогтің нұсқауын орындау (бақшаға отырғызу); өсімдіктердің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақ". (дене тәрбиесі)</p>		<p>Шыршаны қарағаймен салыстыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қылқан жапырақты ағаштар туралы білімдерін нақтылау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығы (қарағай, шырша сияқты, әрқашан жасыл болады, оның инелері де бар, тек ұзын, тек жоғарғы жағында).</p> <p>Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазалау). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу; бір-</p>	

	<p>пайда болады, құстар жүзеді, қанаттарын тазалайды, дөңдерді тереді); су айдынының әсемдігін тамашалауға болады (су көп, күннің көзіне су жарқырайды, өзеннің айналасында шөптер, гүлдер өседі, олар өзенді жарқыратады, ағаш бұтақтары өзенге иіліп, оның бейнесі түседі). Жаздың басында су таза, көгілдір, өсімдік көп болатынына назар аудару керек, ал жаздың аяғында бұлдыр, өсімдік аз. Көгілдір суда құм, тас, өсімдік және шағын балықтар көрінеді. Су айдынына ілтипатпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын. «Қарғып секір және бұрыл». (дене тәрбиесі) Орнынан жоғары секіруге үйрету. «Хоп!» белгісі бойынша кеңістікке бейімделу.</p> <p>Еңбек. Балаларды ең үнемді жұмыстарға үйрету. Еңбек қызметінің мәдениетіне тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар. Жаппаның астында ауа-райының жағдайын ескере отырып, іс-әрекет және ойын үшін жағдай жасау. Жағымды әдет ғұрпын қалыптастыру.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді жылдам орындауға үйрету; қолмен тегіс жұмыс жасау, белгілі бір бағытта жүгіру қабілетін қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, белгілі бір бағытта шашыраңқы жүгіру қабілетін қалыптастыру.</p>		<p>біріне көмектесуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Торғайлар", "Пойыз". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: балаларды орындықта жүруге, шашыраңқы жүгіруге жаттығу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Кім жылдам жүгіреді?", "Тастарда". (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер: жүгіру кезінде жаттығулар, "тастарда" (кірпіштерде) жүрудегі тепе-теңдік, белгі бойынша тез әрекет ету қабілеттері.</p>	
Серуеннен оралу	<p>Өз шакафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу.</p> <p>Көркем сөз Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқанды тұзу ұста, Жан-жағыңа қарама. Асыңды ішіп болған соң, "Рақмет!" айт аспазға.</p>				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Басқа және қолға арналған массажды қолғаптармен жасалатын жаттығулар. (дене тәрбиесі)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Музыкадан ойын-жаттығу "Жеңіс күнін тойлаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету.	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу "Әскер". Мақсат-міндеттер. Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру.		"Әскер киімін ажырат" дидактикалық ойыны. Педагог балалардың назарын өзіне аударып: - Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнаймыз. - Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музыка аяқталғанша ажыратып, тауып үлгересіңдер. Осылайша педагог ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді. (қоршаған әлеммен таныстыру)	
Балалармен жеке жұмыс	«Шар» саусақ гимнастикасы. (Саусақтарымыз құлыпта тұрады) Шар үрлейміз тезірек. (Саусақтардың бас жағын бір-біріне қосамыз) Ол үлкен болады. (Алақанымызды да бір-біріне қосамыз) Ауа шықты, шар жарылды — Шар жіп-жіңішке болды! (Алақанымызды ашамыз)	Ритмикалық жаттығу Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру), Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу). Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу), Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау). Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, дене шынықтыру)		"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі				

	олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жылғастыру.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемей.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>Ас ішудің мәдениетін</p> <p>Сен есіңнен шығарма.</p> <p>Арқанды түзу ұста,</p> <p>Жан-жағыңа қарама.</p> <p>Асыңды ішіп болған соң,</p> <p>"Рақмет!" айт аспазға.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)</p> <p>Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы әндер тыңдау. (музыка)</p> <p>Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер</p>		<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.</p> <p>Міндеттер. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша туралы</p>	

	<p>Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p> <p>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)</p> <p>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>	<p>бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p> <p>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)</p> <p>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>		<p>өндер тындау. (музыка)</p> <p>Міндеттер. Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.</p> <p>Өнер бұрышында балабақшаны, ойыншықтарды мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p> <p>Міндеттер. Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көгөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.</p> <p>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру)</p> <p>Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p>Балаға ертегінің маңыздылығы жайлы ата-анамен әңгімелесу.</p>	<p>"Баланың агрессивті мінез-құлқы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.</p>		<p>"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.</p>

12.05 - 16.05.2025ж.

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Көк аспанда күн күлсін, Бірге күлсін бүлдіршін. Көк аспанда күн күлсін, Жерге ұдайы нұр құйсын. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Сәлем, күнім! Сәлем, жер! Сәлем, досым! Сәлем, ел! "Сәлем" деймін әрқашан, Арайлы, балабақшам! (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда! Жайдарлы мінезді апайыма. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Бүгін біз не үйрендік?" ата-аналармен сұхбат жүргізу.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аудару, ескерту.	"Бала тәрбиесіндегі ата-әжелер рөлі" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.	"Бала тәрбиесіндегі ата-әжелер рөлі" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сұрту және орнына қою. (еңбек дағдылары) «Менің Қазақстаным»	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Топ бөлмесінде және жағын бөлмеде терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сұрту. (еңбек дағдылары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолетпен су бүрку. (еңбек дағдылары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу. (еңбек дағдылары)	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы кезекшілікті ұйымдастыру: табиғат мүйісіндегі мекендеушілерді күте білу.

	Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)	Суреттерді қарастыру Мақсат-міндеттер. Альбомдар мен сюжетті суреттерді қарастыру. Суреттегі заттардың атауын атау. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)	"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары. Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (математика негіздері, құрастыру)	Зейінді дамытуға арналған жаттығу. "Қимылдарды қайталаймыз". Мақсат-міндеттер. Аталған ойынның тағы бір нұсқасы. Педагог қандай да бір қимылды көрсетеді, ал балалар біреуінен немесе екеуінен басқа барлық қимылдарды қайталайды. Мысалы, егер жүргізуші қолын жоғары көтерсе, балалар шапалақ ұруы керек; қолдары екі жаққа созылғанда, балалар аяқтарын тыпырлатады. Кім қателессе, сол жүргізуші атанады. (дене тәрбиесі)	(еңбек дағдылары) "Ретімен орналастыр" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін пысықтау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен) 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен) 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - жерде	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен) 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен) 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып	Жалпы дамыту жаттығулары (орамалдармен) 1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар орамалмен беттерін жауып, "тауып ал" деген сөзді айтады. 1.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, орамалды умаждап "жуамыз" деген сөзді айтады. 2.2. Бастапқы қалып. (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде. 3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып

	<p>"ұйықтайық" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі)</p>	<p>отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.</p> <p>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып</p> <p>"ұйықтайық" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі)</p>	<p>"ұйықтайық" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі)</p>	<p>отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.</p> <p>3.1. Жерге шалқадан жатып, орамалмен беттерін жауып</p> <p>"ұйықтайық" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі)</p>	<p>"ұйықтайық" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дене бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Орамалдарды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі)</p>
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемейу.</p> <p>Көркем сөз</p> <p>"Дана ботқаны жемейді".</p> <p>Дана ботқаны жемейді, «Тауыса алмаймын», - дейді.</p> <p>Дана, басқалардан қалма, Анаңның мазасын алма. Қане, қасықты ұстайық, Дәмді асты тауысайық.</p> <p>Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру,</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге</p>	<p>Шаттық шеңбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойындар. «Құпия заттар» ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен тіл табысуды үйрету.</p>	<p>Өлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамытуға арналған дидактикалық ойындар. «Әдептілік».</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға «жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасы, оларды орынды қолдануды үйрету. Бала бойына мейірімділік,</p>

	<p>ұжымда достыққа тәрбиелеу. Күндей жадырап, Айдай арайлап, Жұлдыздай жадырап, Судай таза көңілмен, Бүгінгі күнімізді бастайық. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</p>	<p>мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болса күніміз. Жарқын шығар үніміз. Елін сүйіп ержетер Біз болашақ гүліміз! (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</p>	<p>Армысың асыл күн, Армысың асыл жыр. Армысың көк аспан, Армысың достарым, Жылуыңа жылу қос, Міне менің қолым! (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет)</p>	<p>Кұрал-жабдықтар: бірнеше қобдиша, түйме, моншак, сағат. Ойын шарты. Жүргізуші барлық қатысушыларға әдемі қобдишадан (түйме, моншак, сағат) «құпия заттарды» таратады. Оны алақандарының арасына салып, ешкімге көрсетпеуін сұрайды. Құпия затты таратып болғаннан кейін, барлық ойыншылар бөлмені аралап жүреді, олар қобдишадағы заттарға қызығушылық танытып, бір-бірінің құпия затын көрсетуге көндірудің жолын табуға тырысады. Тәрбиеші балалардың әрекетін бақылайды, ұялшақ балалардың басқалармен жақсы тіл табысуына көмектеседі.</p>	<p>қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау. Ойын шарты. Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Балалар сол суреттегі іс-әрекетті атап, оның «жақсы» немесе «жаман» екенін ажыратып айтады.</p>
<p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p>	<p>Дене тәрбиесі "Сок, барабан!" Мақсат-міндеттер. Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру; тереңдікке (15–20 см биіктіктен) секіру дағдыларын қалыптастыру; допты алысқа лақтыру іскерліктерін жетілдіру. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Бау-бақшаны гүлдендірейік". Мақсат-міндеттер. Балаларды екі тең не тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыруға және теңдестіруге жаттықтыру; заттар топтамасының</p>	<p>Дене тәрбиесі "Көктемгі гүлдер". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; топ бойынша берілген бағытқа бірінің артынан бірі жүгіру және шашырап жүгіруге үйрету.</p>	<p>Музыка "Достық шеңбері". Мақсат-міндеттер. Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру. Мүсіндеуден ойын-жаттығу</p>	<p>Дене тәрбиесі "Зырылдайды трактор". Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; гимнастикалық доғаға кезек адыммен өрмелеп шығуға үйрету; шеңбердің ішіне және сыртына секіруге жаттықтыру.</p>	<p>Қазақ тілі "Отаным - бақыт мекенім!". Жеңіс күні. Қазақ тілінде отан туралы айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді, отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды, жаңа сөздерді жауаптарында қолдана білуді үйрету. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйенсе отырып, сабақ тақырыбы бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдай алу қабілеттерін дамыту; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй таныта білу қабілеттерін дамыту. Отансүйгіштік сезімдерін, қоршаған ортадағы алыс</p>

	біреуіне бір затты қосып немесе алып тастап, екі топтаманы өзара теңестіру, топтаманың бірін аз немесе көп ету тәсілдерін жетілдіру; салыстырудағы өзгерістерді атап айтуға үйрету; зейінді, ойлау қабілетін дамыту.		"Кемпірқосақ". Мақсат-міндеттер. Балалардың көктем құбылыстары туралы түсініктерін тиянақтау, кемпірқосақ түстерімен қайта таныстыру, түстер гаммасы туралы білімдерді пысықтау.		объектілерге қызығушылықтарын арттыру; бақылауды дамыту. Сурет салудан ойын-жаттығу "Дала гүлдері". Мақсат-міндеттер. Балаларды дымқыл құм бетіне, алақанды бағырып, гүлге ұқсас іздер қалдыруға үйрету, саусақпен гүл бүршігіне сабағын, жапырақтарын тиістіріп салуда жаттықтыру.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
